



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Переводы древнетюркских текстов на русский язык, выполненные разными авторами в разное историческое время, отличаются концептуальными, семантическими, прагматическими, стилистическими, грамматическими особенностями, характеризуют языковое сознание и ментальный мир самих исследователей. Каждый из этих переводов по своему уникален: перевод Радлова-Мелиоранского можно назвать наиболее достоверным, языковые особенности тюркологов позволили максимально приблизиться и понять древнетюркский мир, перевод Айдарова следует охарактеризовать как научно – литературный. Перевод Н.Базылханова можно назвать прямым переводом.

Список использованных источников:

1. Прохоров Ю.Е. Действительность. Текст. Дискурс 2-е изд.испр. - М.:Флинта:Наука, 2006
2. Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника.Сост. и отв.ред. Г.Ф.Благова, Д.М.Насилов.-М.:Восточная литература, 2005
3. Ф.А.Брокгауз, И.А.ЕфронФ.А. Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона.-Санкт-Петербург 1890-1907
4. Шаймердинова Н.Г.Репрезентации в языке древнетюркской картины мира. - Астана, "Арман-ПВ", 2009 -252 с.
5. Радлов, В.В., Мелиоранский, П.М. Древнетюркские памятники в Кошо-Цайдаме. // Сборник Трудов Орхонской экспедиции. Т.IV. – СПб.,1897.
6. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М-Л.: Изд-во АН СССР, 1951. – 451с.
7. Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюльтегина– СПб, ЗВОРАО, 1899. –150с.

ӘОЖ 94 (574)

КӨНЕ ТҮРКІ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ МОДЕЛІНІҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Ильясов Дулат Мақсатұлы

ilyassovdulat@gmail.com

Халықаралық қатынастар факультеті түркітану кафедрасының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі – Ж.Кішкенбаева

Кез келген мәдениет дәстүр мен жаңашылдықтың бірігуінен тұрады, басқаша айтқанда мәдениет адамзаттың рухани және материалды дамуының барлық табыстарының, өткен ұрпақтың жеткен жетістіктерінің жиынтығын құрайды. Осы ой негізінде мәдениеттен құндылықтарды бөліп қарастыруға болмайды. Мәдени құндылықтар барлық немесе жалпы қоғамға тән мәдениеттің бөлшектері болып табылады.

Оған тілді, әдепті және тағы басқа мәдениет институттарын жатқыза аламыз. Мәдениет институттары мәдениет дамуында өте маңызды қызмет атқарады. Себебі олар жүйе құрастырушы алғашқы элементтерді біріктіруге атсалысады. Егер барлық мәдени институттардың бірігуін қамтамасыз ететін әмбебаптарды қарастырар болсақ, этномәдениеттердің іргетасын қалаған мәдени және рухани жәдігерлерді ерекше бөліп көрсету керек болады.

Ал бұл зерттеуге негіз болып отырған осындай рухани құндылық көне түркі мәдени жәдігерлері болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Осыдан мың жарым жылдай бұрын ұлан-байтақ Еуразия даласының нық кіндігінде көне түркілердің ұлы империясы дүниеге келді, ол империя кейін мына шеті Қытайдан басталып, ана шеті Византияға тіреліп жатқан алып кеңістікті бағындырып алған қуатты мемлекеттік бірлестіктерге айналды. Сол уақыттардан бері біздің бабаларымыз Солтүстік Еуразияның төсінде, тұрақ-мекенін

ауыстырмай ғұмыр кешіп келді, қазір біз де тап сол өңірде өмір сүріп жатырмыз» [1, 78-79 бб.], – деп атап өтті.

Хронологиялық тұрғыдан алғанда ерте ортағасырлар кезеңіне, яғни біздің заманымыздың VII-VIII ғасырларына жататын көне түркі мәдени жәдігерлерін зерттеу – Орхон және Енисей өзендерінің аңғарынан табылған Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк деп аталатын үлкен ескерткіштердің мәтіндерінде келтірілген ежелгі түркілердің ментальды әлемі мен көне түркі адамының маңызды құндылықтар мазмұнын түсінуге, ежелгі түркілердің адам және әлем моделін анықтауға мүмкіндік береді.

Мәдени антропологиялық әдісті қолдану көне түркілердің жинақталған «идеалды» шыққан тегін айқындауға септігін тигізеді, бұл нақты тұлғаны абстракциялауды білдіреді. Сонымен қоса, фольклор туындылары көбінесе жеке тұлғаның емес, керісінше қандай да бір жинақталған образды көрсетеді.

Рухани құндылықтардың жалпыға ортақ, ұлттықтан тыс мәнге ие екендігі белгілі. Рухани құндылықтар бүкіл моральдық-этикалық көзқарастар мен қондырғылардың өзегін құрайды. Осы себепті де олар жер бетіндегі кез келген адамның рухани дүниесіне ауқымды ықпал ете алады. Бірақ рухани құндылықтар, дәлірек айтқанда, оларды түсіну мен анықтау айқын аңғарылатын ұлттық бояуға боялады. Мұндай ерекшелік, құндылықтардың ұлттық бірегейлігінің даралығы халықтың дүниетанымына, оның ұлттық мінез-құлығының өзгешеліктеріне негізделеді, ол діни және моральдық-этикалық сананың ерекшеліктерімен астасып жатыр, онда этностың тарихы бейнеленген. Біздің ұлттық дүниетанымымыздағы рухани құндылықтардың мән-мағынасы көне түркілік дүниетанымнан бастау алады және олардың арасында терең рухани сабақтастық бар. Қоғамдағы сабақтастық адамдар оны сезінсін, мейлі сезінбесін, алдыңғы іс-әрекеттің нәтижелерін кейінгі ұрпақтың мұралануы ретінде қызмет етеді. Мұралану мен қабылдаумен салыстырғанда сабақтастық қоғамдық дамудың бір деңгейінен екіншісіне өту барысында байқалатын адамдардың арасындағы тарихи байланысты білдіреді. Дәстүрлі қазақ мәдениеті тарихи-мәдени тұрғыдан да, рухани тұрғыдан да түркілік мәдениетті мұраланды.

Ортағасырлық түркі дүниетанымының асиологиялық сипатындағы негізқұраушы бастауы түркілік дәстүрлі мәдениет болып табылады. Оның бірнеше себептері бар: біріншіден, дәстүрлі мәдениет ұлттық бірегейліктің ең маңызды қайнар көздерінің бірі болып табылады. Дәл осы дәстүрлі мәдениеттің негізінде, оның элементтерінің арқасында индивид өзін этноспен бірегейлендіреді. Демек, құндылықтар ұғымын дәстүрлі мәдениет тұрғысынан анықтағанда осы ұлттық ерекшелік алдымыздан шығады.

Екіншіден, дәстүрлі мәдениет өз бойына халық санасында бірігіп, интуитивтік бастау мәртебесіне ие болған мифологиялық, діни, этикалық, идеологиялық қондырғыларды жинақтайды және мұны «халық даналығы» түсінігімен белгілеуге болады. «Халық даналығы» қашанда өмірде қалай әрекет ету қажеттігі туралы, қоршаған ортамен қалай қатынас жасау керектігі жөнінде, жақсыны жаманнан қалай айыру керектігі туралы білімдерді білдірді. Демек, бақыттың түсінігін де, оған жетудің жолдарын да осы «халық даналығынан», дәстүрлі мәдениеттің бойындағы білімдерден табуға болады. Ортағасырлық түркі ойшылдарының ілімдеріндегі дүниетанымның өрісі өзінің бастауын осы дәстүрлі мәдениеттегі білімдерден алады. Рухани құндылықтардың көне түркі этникалық кеңістікке кеңірек таралуына Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк секілді данагөй ойшылдардың орасан зор рухани ықпалы болғанын байқаймыз. Олар өздерінің қоғамдық, елдік бағдардағы ілімдерін білімділік, қайырымдылық идеяларына арқа сүйей отырып қалыптастыруға тырысқан. Түркі қағандарының рухани құндылықтар әлемінде біліммен қоса әділеттілік, сабырлылық, адалдылық, қанағатшылдық сияқты адами дамудың іргелі негіздері, руханилықтың озық үлгілері мызғымас тірек болғанын аңғару қиын емес. Құндылық болған жерде қоғамдасу бар. Адамның құндылық қою күші оның мәдени әлемінен туындайды. Тарихта сондай нағыз топтасқан әлеуметтік күштің бірі – түрік қауымдастығы, түркі халқы болды. Бір кезде «Көкте – тәңір, жерде – түркі» деп әлемге өзі туралы жар салған бұл халық өзінің күш-құдіретіне сүйеніп, сеніп айтқандай.

Көне түркі әлем моделі түркілердің дүниетанымы – біртұтастыққа бейімделудің басты бір шарты. Оны рухани мәдениеттің қалыптасуы және түлеу құбылысымен тікелей тұтастықта қарастыру – алдымен адамның да, қоғамның да ішкі қажеттіліктерінен туындады.

Көне түркілік дүниетанымдағы адамды қанаттандырып, «*Тәңір – адам – әлем*» шеңберінде қалыптасқан құндылықтар мен құбылыстардың, ұғымдық ұстындардың формалық және мазмұндық мәні осы жолды сомдап, нақтылау көне түркі мәдени қоғам адамы өз әлемін – құндылықтық жүйенің мен образдық-символдық ойлау стилін қалыптастырған болатын. Құдіретке табыну дәстүрінде ойлау мен тіл, мәдениет пен дүниетаным арасындағы өзара үндестік реттелінді. Содан ұлттық дүниетанымның образды тарихи типі ықпалын арттырды. Адамзат белгілі бір кеңістік аумағында және белгілі бір уақыт өлшемінде өмір сүретіндіктен, Адам, Кеңістік және Уақыт концептілері өзара сабақтастықты сақтай отырып, бірін-бірі ашуға, бірін-бірі тереңірек танытуға да жағдай жасайды. Көне түркілердің табиғи болмыс-бітімінде қалыптасқан даралық қасиеттерін: жаратылыспен біте қайнасқан табиғатпен үндестігін; туған жер – ата мекенді пір тұтатын жершілдігін; халқын, жұртын сүйетін елдік позициясының беріктігін; азаттық пен тәуелсізді бәрінен жоғары қоятын асқақ рухын аксиологиялық талдау барысында көз жеткіздік. Көне замандардан бері дербес тайпалық одақтар мен хандықтарға бөлінсе де, өзара ұласып-сабақтасып жататын түркі халықтарының суперэтностық тұтастығының, жалпытүркілік дүниетанымы мен жалпытүркілік санасының негізі – этномәдени және этнофилософиялық ақпаратты молынан сақтаған көне түркі жазба ескерткіштерінің мазмұны - қазіргі түркі халықтары дүниетанымының мәдени антропологиялық өзегін құрайды. Көне түркілердің Тәңірлік дүниетанымы аясына кіретін Ұмай-Ана ұғымы халықтың сан ғасырлық тәжірибесі мен таным-түсінігі арқылы қалыптасып, қазіргі түркілерге дейін жеткен алғы мифологиялық дүниетанымдық әмбебап ретінде сипатталады. Түркі халықтары дүниетанымының архисаналық кезеңінен бастау алатын Ұмай-Ана киесі жалпы түркілік сана арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан, белгілі бір дәрежеде халықты адамгершілікке, тазалыққа, әдептілікке тәрбиелеу құралына айналған архаикалық құндылықтар жүйесіне жатады. Түркі адамының мәдени антропологиялық мазмұнын жан-жақты талқылағанда, оның дүниетанымдық болмысында көрініс тапқан құндылықтар сатысын алда өткен бөлімде атап өттік. Көне түркі мәдени жәдігерлеріндегі адам концептісінің мәдени антропологиялық мазмұнын ашатын өмірлік әлеуметтік құндылықтарды, қайырымдылық пен парыз құндылықтарын және оның ежелгі түркі дүниетанымындағы адамның мифологиялық ғаламын немесе аңыздағы дүние келбетін көрсетеміз.

Көне түркі мәдени жәдігерлерінде көрініс тапқан адамгершілік құндылықтарының бірі – қайырымдылық: «Өкеміз иелік еткен халықтың атақ-даңқы өшпесін деп түркі халқы үшін түн ұйықтамадым. Күндіз отырмадым. Інім Күлтегінмен бірге екі шадпен бірге өліп-талып иелік еттім. Осылайша иелік етіп, күрендегі халықты өрт пен суға салмадым. Мен өзім Қаған боп отырғанда жер-жерден босқан халық жаяу, жалаңаш өліп-жітіп қайтадан келді. Халықты көтерейін деп терістікте оғыз халқына, ілгері қытай, татабы халқына түстікте табғачқа қарсы екі рет соғыстым. Одан соң тәңірі жарылқап, құтым-бағым бар болғандықтан, нәпәкам бар болғандықтан өлімші халықты тірілттім» [2], – деген Білге қағанның қазақша аудармасындағы мәтін қарапайым халыққа деген қаған қайырымдылығының көрсеткіші. Парыз құндылығын түркі қағанатындағы әлеуметтік құрылым Түркі қағандары мен олардың кеңесшілерінің, қолбасшылардың ел алдындағы, ұрпақ алдындағы мемлекет басқару ісін парыз ретінде терең ұғынғанын ескерткіш мәтіндерінен айқын аңғарамыз: «Бір кісі жаңылса, руы, халқы тұқымына дейін қалмас еді» [2]. «Түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым, қызыл қанымды төктім, қара терімді ағыздым, күш-қуатымды да бердім» [3].

Бар болмысымен ел алдындағы, ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең түсінген көне түркілер дүниетанымы бейнеленген бұл тұрақты тіркес Адам концептісінің этномәдени ментальды ерекшелігін танытатын рухани категориялар қатарына жатады [2]. «Алып ерлерін өлтіріп балбал қыла бердім..» деген сөйлемнің мазмұны көне түркілер жауына да құрметпен қарағанын, жеңіліске ұшыраған жақтың ерлік көрсеткен батырларының басына ескерткіш-

балбалдар орнатып отырғаны айтылады. Мұндай іс-әрекет кез-келген этностың қолынан келебермейтін, түркілердің этноболмысына ғана тән айрықша адамгершілік қасиетті көрсететін мәрттік, кеңдік [2]. Ескерткіштер мәтініндегі адам концептісінің адамгершілікке қатысты рухани ұстындары көне түркілер танымында Адам туралы, оның адамгершілік құндылықтары туралы шынайы білім қоры жинақталғанның көрсетеді. Көне түркі мәдени жәдігерлерінде Жер мен Көкті жаратқанға бас ию және Жер мен көк жаралғаннан кейін ғана адамзат баласы жаратылғандығы жазылған.

Бумын қағанаты кезінде Түркі мемлекеті үшінші рет өмірге оралады. Ел-хан атанған Бумынның патшалығында Түркі жас мемлекеті құрылды және ол қытаймен қарым-қатынас орнатады, көрші теле, жужжань тайпаларын өзіне бағындырды. Жаңа түркі қағанаты, яғни алғашқы еуроазиялық дала империясы күшіне күш, кеңістікке кеңістік қосып қаһарын күшейтеді [4]. Ең, алдымен, мемлекетте заңын болғанына толық көз жеткізу үшін әуелі оның құқықтық құрылымдарының бар екеніне және олардың қызметіне үңілу керек. [6] Бұл орайда, танымал философ-профессорлар Аманжол Қасабеков және Жақыпбек Алтаев: «Ашина (көк бөрі) ұрпақтары YІ ғасырда хандықтың жүйесін құқықтық негізде құрды. Өкілетті билік пен заң шығару ісі ақсақалдар алқасының (кейінгі қазақ хандығында – билер алқасы мен хан кеңесі) хұзырында болды. Ал хан жарлығы атқарушылық міндеті үлкенді-кішілі лауазымдар иесіне жүктелді. Бұл маңсаптар мұрагерлік жолмен хандық билік әскери демократия арқылы жүзеге асырылған» [5], – деген терең зерттеу келтіреді.

Көне түркілер заманындағы «Адам концептін» анықтамас бұрын, сол кезеңдегі адамдардың аксиологиялық, яғни құндылықтық бағдарын анықтап алу маңызды.

Күлтегін мәтінінде көрініс тапқан мына жолдардан: «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған... ата-бабам түркі халқының елін, заңын... иелік еткен», – бұл мәтінде мемлекеттік билік формасы көрініс тапқан.

Осы уақытта түркі мемлекеттігі және түркі халқы үшін тәуелсіздіктің басымдықты құндылықтардың бірі екендігіне көз жеткіземіз. Себебі, намысты ту еткен түркілердің ел тәуелсіздігі үшін төккен қандары бірнеше соғыстары Күлтегін мәтінінде орын алған. Тағы басты атап өтер жайт, «әкем қаған он жеті ер жиыпты... Жағбы, уәзір ат беріпті» деген тіркестер ұйымшылдықтың формасын көрсетеді.

Көне түркі мәдени жәдігерлерінде алғаш көк (ғарыш) кейін жер жүзі жаратылғандығы, одан кейін адам баласы жаралғандығы анық жазылған. Сол адамдарды басқару үшін Бумын-қаған және Істеме-жабғу Тәңір тарапынан тағайындалған. Содан соң Орталық Азияда өмір сүрген тайпалар түркі мемлекетінің құрамына кірген. Нәтижесінде Әлемдік империяға [7] айналған Түркі қағанаты гүлденген. Өткен уақыт ішінде мемлекет басшыларының өлкені дұрыс басқармауына байланысты мемлекет әлсіреді. Алғашында екіге бөлінген мемлекет, қайта күшін жинай алмай, ішкі және сыртқы жауларының кесірінен құлады және табғаштарға (қазіргі Қытай) құл болды. Қытай егемендігіне кіру түркі халықтарына өте ауыр тиді. Орхон және Тоныкөк ескерткіштерінде бұл жағдай өте өкінішті тілмей жазылған. Білге қаған мемлекеттің тәуелсіздігінен айырылуына байланысты сараптама жасайды:

1. Түркі қағандары кінәлі. Өйткені мемлекетті жақсы басқара алмады. Қаған ұрпағынан келгендер және қағандыққа таласқан тартыс ішкі рухты әлсіретті. Қағандыққа таласқандар өзара табғаштармен де бірлескен.

2. Түркі ұлты кінәлі. Өйткені олар мемлекетке опасыздық жасады. Жиі-жиі көтеріліске шығып, Қытаймен бірлесті. Басшыларына бағынбады, міндеттерін атқармады. Ақырында Қытайдың шырын тіліне сеніп, сүйектері таудай жиналды, келін болатын қыздары күн болды.

3. Түркі халқының үнемі жауы болған Қытай елі кінәлі. Өйткені әрқашанда түркітерді бөлуді, араларына іріткі салуды мақсат тұтқан. Білге қаған осы сөздерді 732 жылы інісі Күлтегеннің қайтыс болуына байланысты оған арнаған ескерткішінде жазып өсиет еткен.

Түркілердің тәуелсіздікке қол жеткізуі және оны жоғалтуы жайында Орхон жазба ескерткіштерінде барынша тәптіштеліп түсіндірілген. Онда тәуелсіздікті жоғалтудың халық үшін өліммен те екені, тәуелсіздікті алудың қайта тірілумен, жанданумен бірдей болатыны

жән халықтың осындай оқиғалардан сабақ алу керектігі баса айтылған. 630-680 жылдары арасында түркі мелекеті Қытай басқыншылығына ұшыраған кезеңде де тәуелсіздік жолында бірнеше рет көтеріліске шыққан. Нәтижеде, 679 жылы басталған көтеріліс 682 жылы мемлекеттің тәуелсіздік алуымен аяқталады. Мемлекет өз тәуелсіздігін қайта алған осы кезде қағандар Қытайда өзге түркі нәсілді тайпаларды да құтқаруға әрекет жасаған. Бұл – Түркі қағанатының толық тәуелсіздікке мән беруінің маңызды дәлелінің бірі.

Түркілер тәуелсіз мемлекетін сақтап қалу және оны дамыту үшін атадан жеткен асыл мұра-жерді көзінің қарашығындай сақтады. Отанға деген сүйіспеншілік Орхон жазба ескерткіштерінде де анық сипатталған.

Тәңіршілдік көзқарастың танымдық тірегі – тәңірдің жасампаздық құдіретіне деген халықтық сенім. Дана, қарт Тоныкөк өзінің біліктілігін тәңірдің сиы ретінде қабылдайды, ал шын мәнінде ол білімді табғач елінде алған. Әрине, өзінің табиғи қабілетінің арқасында. Өзінің даналығын дәріптеу мақсатында қайталанып отыратын «қағаны алып екен, ақылшысы дана екен» деген сөз тіркесін жауларының аузына салып отырғандығы Тоныкөктің мақтаныш сезімінің айғағы болса керек [5, 33 б.].

Көне түркілерде қағанның өз ұлтының тағдырына жауапты болғанын көрсететін дәлелдердің бірі – Қытай деректерінде сипатталған таққа отыру рәсімі. Елдің ықпалды азаматтары қағанды ақ киізге отырғызып, жоғары көтеретін және күннің бағытымен, яғни шығыстан батысқа қарай айналдырады. Әр бұрылыста халық қағанға бас иіп, сәлем береді екен. Таққа отыру рәсімінде халықтың қағанды ақ киізге отырғызып, жоғары көтеруі оның қағандыққа тағайындалуына келісімін білдіргені болып табылды. Тойларға қатысқан тойгундар тегін, күлшор, апа, еркін, тудын, ілтебер, тархан сияқты атақтарға ие болған. Тойлар әдетте діни, ұлттық рәсімдермен басталып, мемлекеттік мәсілілер шешілгеннен кейін ас берілетін еді [8].

«Тәңірі нәсіп етіп, 14 жасымда Тардуш еліне шад болдым. Қаған ағаммен бірге Көк өзен шаттық алқабына дейінгі жерлерді жаулап алдық....Түркі халқы елінен, мемлекетінен, қағанынан айырылып қалды» деп келетін жазба дерек қағанның «жеңісі мен жасаған ісін Тәңірінің несібесі» деп атағанын және тағдырға мойынсұнғанын көруге болады. Көне түркі мәдени жәдігерлерінде көрініс тапқан «үкімет» сөзіне балама ретінде «айуқы» сөзі қолданылған. Жоғарыда айтылғандай мемлекет мәселелері мемлекеттік мәжіліс «тойда» қарастырылатын еді. Бірақ жағырапиялық шарттар мен елдегі түрлі ахуалға байланысты үнемі той (мәжіліс) шақыру мүмкін емес еді. Мемлекет мәселелерін шұғыл қарастыру қажет болған жағдайда айуқы (үкімет) шақырылып, барлық мәселелер осы органда шешілетін.

Қытай деректерінде келтірілген мәліметтерге жүгінер болсақ, Түркі қағанатында үкімет 9 адамнан тұратын болған. Олар Орхон жазбаларында «бұйрық» деп аталады. Үкімет мүшелерінің атақтарына және деректердегі мәліметтерге қарағанда, аталмыш тұлғалардың маңызы мен мәртебесі жоғары болған. (шор, ілтебер, бұйрық – шорт.б). Кейбір үкімет мүшелері аймақтарда қолбасшы, тудын, салық жинау сияқты қызметтерді атқарған. Үкіметті қаған әулетіне қатысы жоқ айгужылар мен үгілер басқарған. Сонымен қатар мемлекеттің орталығында таңбашы мен бітігшілер қызмет атқарған. Таңбашылар – мөрге жауап беретін хатшылар, ал бітігшілер – байланысқа жауапты қызметкерлер.

Түркі қағанатының құрылымы бір-бірінен бөлек мемлекет басқармасы, заң шығарушы орган (той) және үкіметтен құралған. Яғни биліктің тармақтары бір-біріне тәуелді болмай, өз алдында бөлек қызмет атқарған. Бірақ қаған (мемлекет басшысы) халық үшін бірінші жауапты адам болғандықтан, билікті өз қолына алған. Қаған өз көмекшілері мен орынбасарларын тағайындап, төрелерді өзгерту ұсыныстарын жасаған, мемлекеттік сотты (жарғы) басқарған. Өйткені Тәңір саяси билікті тек соған ғана берген. Басқа көне түркі мемлекеттеріндегі сияқты, Түркі қағанатында да халықты тамақтану, киіну, көбею, қорғану т.б. қамтамасыз ету қағанның міндеті болғандықтан, бұл оның беделін көтеретін еді. Қытай деректері бойынша, Түркі қағанатының жүйесінде 28-ден астам атақ қолданылған және бұл атақтарға ие болған тұлғалар белгілі бір лауазымды қызметтер атқарған. Көне түркі жазбаларында осы атақтарға қатысты көптеген мәліметтер кездеседі. Қолдағы мәліметтер

бойынша мемлекет иерархиясы төмендегідей сатыларға бөлінеді: қаған, қаған әулеті, шадапыт билері, тархандар, бұйрық билер, тоғыз-оғыз билері т.б. Ал Қытай деректерінде қаған мен хатуннан кейінгі ең жоғарғы лауазым жабғы болған, одан кейін шад, текін, туды, еркін сияқты лауазымдар келеді. Бұл лауазымдардың әкеден балаға өтетіні туралы ешқандай да мәлімет жоқ [9].

Түркі қағанатының жоғары мемлекеттік соты «жарғы» деп аталды. Деректерге көз жүгіртсек, Түркілерде заң шығарушы орган болғандығын байқауға болады. Жарғылардың басты міндеті – төре мен дәстүрлі құқықтарды жүзеге асыру еді. Түркі қағанатында әйгілі Тоныкөк сот басшысы болған [10].

Түркілерде отырықшылық өмір құрған ру-тайпалар да аз емес. Түркіер ертедегі озық қатынас құралы – арбаның неше алуанын жасаған, тасатқыш (аба) құралдарын ойлап тапқан. Өз ұстанымына тұрақты түркілер ішкі туралыққа бет ұстады, қыңырларды қыштады. Өр кеуделер кезінде «патшаның жұрттан бөтен бұзығы жоқ» деген сөз қалған. Тұрмыстағы тұрақтылық тұтастықты нығайтты. Ондай тура жолда түсіністік те, тұлғалық та қалыптасқан. Қорыта келе, айтарымыз бүгінгі қазақ халқының рухани құндылықтар жүйесі өз ата-бабалары саналатын түркілердің дүниетанымымен тарихи сабақтастықтағы өмір тәжірибесімен үздіксіз жалғасып келе жатқан тұтас құбылыс.

Түркі халықтарының рухани архетиптері Еуразия құрлығының автохтонды тұрғындары – көшпелі және жартылай көшпелі түркі тілдес тайпалардың мәдени құндылықтар әлемінен бастау алып, түркі суперэтносның қалыптасу тарихындағы халықтық тәжірибенің сүзгісінен өтіп, бүгінге дейін жеткен құндылықтық жүйенің негізін құрайды. Ежелгі түркі халықтарының әлем мен адам жайлы таным-түсініктері туралы, түркілік адами болмысқа тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі жайлы мағлұмат беретін жазба деректердің тобын осы біз қаратырған VIII-IX ғасырларда жазылған көне түркі жазба ескерткіштері құрайды. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері – түркі халқының өткен тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мифологиялық, діни наным-сенімдерінен, ең бастысы құндылықтар әлемінен мағлұмат алуға мүмкіндік беретін асыл мұра.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Жібек жолы, 2010. – 344 б.
2. Фейрбах Л. Сущность христианства. Избранные философские произведения. – М., 1955. Т.2. С. 30-32, 34.
3. Witsen N.-K Noord en oostTartarye. Amsterdam, Rd. I: 1692, ed. 2. 1705.
4. Бахтин М. Искусство и ответственность. Литературно-критические статьи. М., 1986. С. 43-50.
5. Шелер М. Человек и история. – М., 1991. С. 133-134.
6. Декарт Р. Избранные произведения. – М., 1950. С. 342.
7. Мамардашвили М. Как я понимаю философию. М., 1990. С. 110.
8. Ташағыл А. Түрік қағанатындағы адами құндылықтар // Тарих Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Т.10: Түркі халықтарының тарихи ойы. –Астана: Фолиант, 2006. – 369 б.
9. Фромм, Эрих Зелигманн. Забытый язык. Введение в науку понимания слов, сказок и мифов // The Forgotten Language: An Introduction to the Understanding of Dreams, Fairy Tales, and Myths (1951). – Москва: АСТ, Астрель, 2010. – 320 с.
10. Дюркгейм Э. Формы мышления и поведения человека как социальные факты // Хрестоматия по курсу «Введение в психологию» / Ред.-сост. Е.Е. Соколова. – М., 1999. С. 237-241